

**ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ БІЛІМ  
БАСҚАРМАСЫНЫҢ «САҒАДАТ  
НУРМАҒАМБЕТОВ АТЫНДАҒЫ  
№72 ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ  
БЕРЕТІН МЕКТЕБІ»**

шаруашылық жүргізу құқығындағы  
мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

**БҰЙРЫҚ**

государственное коммунальное предприятие  
на праве хозяйственного ведения

**«ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ  
СРЕДНЯЯ ШКОЛА №72 ИМЕНИ  
САГАДАТА НУРМАГАМБЕТОВА»  
УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ  
ГОРОДА ШЫМКЕНТ**

**ПРИКАЗ**

2023 жылғы 25 қыркүйек

Шымкент қаласы

№ 368

город Шымкент

**«Біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру» туралы**

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» бекіту туралы 2023 жылғы 19 қыркүйектегі №294 бұйрығы және Шымкент қаласы білім басқармасының 2023 жылғы 22 қыркүйектегі №10-07-07/5058 санды хаты негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мектепте 2023-2024 оқу жылында Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу мақсатында «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» іске асырылсын.
2. «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру туралы жылдық кешенді жоспар бекітілсін.
3. Ұлттық құндылықтар: ұлттық мүдде, ар-ұят, талап бойынша жоспарлы тәрбие жұмыстары жүргізілсін.
4. «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» іске асыру шеңберінде жобалар («Еңбегі адал жас өрен», «Жеткіншектің жеті жарғысы», «Қарияға қол ұшын соз» «Ұрпаққа аманат», «Өр талапты, озық ойлы ұлан» «Ұлттық мектеп лигасы» және «Балалар-интернет-медиа қауіпсіздік») жүзеге асырылып, жоғары деңгейде жұмыстар ұйымдастырылсын.
5. 2023-2024 оқу жылында мектептердің ата-аналар қауымдастығымен өзара іс-қимылы негізінде тәрбие міндеттерін іске асыруда «Ата-аналарға педагогикалық қолдау орталығын» құру, сондай-ақ «Тоғыз ай – 9 іс-шара», «4 тоқсан – 4 өнер» жобалары шеңберінде іс-шаралар жоспарлы түрде өткізілсін.
6. Сыныптан тыс жұмыстар мен тәрбиелік іс-шараларды жоспарлау және ұйымдастыру кезінде 2023-2024 оқу жылында аталып өтілетін мерейтойлық күнтізбелік күндер (Қожа Ахмет Ясауидің туғанына 930 жылдығы, жазушы Оралхан Бөкейдің туғанына 80 жылдығы, Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына 165 жыл, Сәкен Сейфуллиннің туғанына 130 жыл, Махамбет Өтемісұлының туғанына 220 жылдығы, Жүсіпбек Аймауытовтың туғанына 135 жылдығы, Сұлтанмахмұт Торайғыровтың 130жылдығы) назарға алынсын.
7. «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» бойынша ұлттық құндылықтар бағыттарына жетекшілік ету, іс-шаралар ұйымдастыру директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары Г.Т.Құрманбай мен Д.Г.Джанабергеноваға міндеттелінсін.

8. Бекітілген жылдық жоспар бойынша сабақ кестесіне сәйкес аптасына бір рет тәрбие сағаттарын өткізу, жоспарын (қмж) «Күнделік» электрондық журналына уақытылы жүктеп отыру, сынып жетекшілеріне жүктелсін, орындамаған жағдайда шара қолданылсын.
9. Сынып жетекшілерге үнемі әдістемелік көмек беріліп, тәжірибе алмасу жұмыстары жүргізілсін.
10. Біртұтас тәрбие бағдарламасы» бойынша ұлттық құндылықтар бағыты негізінде сынып жетекшілердің құжаттары жылына 2 рет тексеріліп, жіберілген кемшіліктермен жұмыстар жүргізілсін.
11. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау, ұйымдастыру директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары Г.Т.Құрманбай мен Д.Г.Джанабергеноваға жүктелсін.
12. Бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Мектеп директоры



Б.Н.Усманов

Бұйрықпен таныстым: 25.09.23ж. [Signature] Г.Т.Құрманбай  
 (күні) (қолы) (қолтаңбаның толық мәні)

Бұйрықпен таныстым: 25.09.23ж. [Signature] Д.Г.Джанабергенова  
 (күні) (қолы) (қолтаңбаның толық мәні)